

The background features several black silhouettes of business professionals in suits. Some are standing on individual blue puzzle pieces, while two in the center are shaking hands over a large, multi-colored puzzle piece (yellow, orange, green, blue). The overall scene is set against a white background with a grid of puzzle pieces.

*2016 жылғы Қазақстан
Республикасындағы еңбек
нарығының көрсеткіштері*

*Орындаған: Баксикова Айжан
Тексерген: Айтмуканова Г. М.*



Еңбек нарығындағы жағдай туралы

2016 жылғы I тоқсанда 15 және одан жоғары жастағы экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 8,9 млн. адамды құрады. Республика экономикасында 8,5 млн. адам жұмыспен қамтылды немесе 15 және одан жоғары жастағы халықтың 67,2%. Жалдамалы қызметкерлер саны 6,2 млн. адамды құрады және 2015 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда олардың саны 12,1 мың адамға (0,2%-ға) артты.



2014-2016 жылдардың I тоқсанындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары

	15 және одан жоғары жастағы халық			
	I тоқсан			2015ж. IV тоқсан
	2014ж.	2015ж.	2016ж.	
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	9051,1	8896,5	8907,2	8961,8
Халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділік деңгейі, пайызбен	71,3	70,9	70,7	71,2
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	8587,1	8449,2	8463,4	8510,7
Жұмыспен қамту деңгейі, пайызбен:				
15 және одан жоғары жастағы халыққа шаққанда	67,6	67,3	67,2	67,6
экономикалық тұрғыдан белсенді халыққа шаққанда	94,9	95,0	95,0	95,0
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	6022,3	6223,0	6235,1	6225,1
жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	70,1	73,7	73,7	73,1
Өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкерлер, мың адам	2564,8	2226,1	2228,3	2285,6
жұмыспен қамтылған халық санындағы үлесі, пайызбен	29,9	26,3	26,3	26,9
жұмыспен нәтижелі қамтылғандар	1709,4	1664,7	1809,6	1783,5
жұмыспен нәтижесіз қамтылғандар	855,4	561,4	418,7	502,1
Жұмыссыз халық, мың адам	464,0	447,4	443,8	451,1
Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	5,1	5,0	5,0	5,0
15-24 жастағы жұмыссыздар, мың адам	46,8	55,7	50,1	58,2
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен (15-24 жастағы) ²⁾	3,9	4,2	4,1	4,6
15-28 жастағы жұмыссыздар, мың адам	117,5	104,0	101,7	108,7
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, пайызбен (15-28 жастағы) ³⁾	4,9	4,3	4,3	4,5
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	2,6	2,5	2,1	2,3
Экономикалық тұрғыдан енжар халық, мың адам	3649,9	3659,9	3691,4	3632,5
Халықтың экономикалық тұрғыдан енжарлылық деңгейі, пайызбен	28,7	29,1	29,3	28,8



Жалданып жұмыс істейтіндердің негізгі үлесі қәсіпорындарда (ұйымдарда) жұмыспен қамтылды – 90,2% (5,6 млн. адам). Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2,2 млн. адамды құрады. Өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың негізгі бөлігі өз қызметін ауыл шаруашылығында (43,7%), сондай-ақ сауда саласында (28,4%), көлік қызметін көрсетуде (10,4%) және құрылыста (7,0%) жүзеге асырды.





2016 жылғы I тоқсанда жұмыспен қамтылған халық жұмыспен қамтылу жынысы бойынша


**Жұмыспен
қамтылған халық
8463,4 мың адам**



**Ерлер
4382,5 мың адам**

**Әйелдер
4080,9 мың адам**



The background of the slide features a grid pattern. A large, 3D green arrow points from the bottom-left towards the top-right. Silhouettes of business people in suits are scattered throughout: one in the top-right pointing up, one in the bottom-left pointing right, and others in the background. At the bottom, there are blue, 3D-rendered buildings of varying heights.

Жоғары және орта кәсіптік (арнаулы) білімі барлар 6,2 млн. адам, бұл жұмыспен қамтылған халықтың 73,1% құрайды. Ерлермен салыстырғандағы жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі жоғары.



2016 жылғы I тоқсанда жұмыспен қамтылған халық білім деңгейі бойынша






2016 жылғы I тоқсанда жұмыссыздар саны 443,8 мың адамды құрады және 2015 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,6 мың адамға немесе 0,8% қысқарды. Жұмыссыздық деңгейі 5,0% (2015 жылғы I тоқсанда – 5,0%) құрады.



2014-2016 жылдардағы жұмыссыздық деңгейлері





2016 жылғы I тоқсандағы жынысы және жасы бойынша жұмыссыз халық

	Барлығы		соның ішінде			
	мың адам	жұмыссыздық деңгейі, %	ерлер		әйелдер	
			мың адам	жұмыссыздық деңгейі, %	мың адам	жұмыссыздық деңгейі, %
Жұмыссыздар, барлығы	443,8	5,0	201,5	4,4	242,3	5,6
соның ішінде жасы:						
15-24	50,1	4,1	24,7	3,7	25,4	4,5
25-34	166,0	6,0	74,6	5,1	91,4	7,0
35-44	107,7	4,8	40,5	3,7	67,2	5,9
45-54	83,0	4,5	40,2	4,4	42,8	4,6
55-64	36,0	4,6	21,1	4,8	14,9	4,2
65 және одан асқандар	1,0	2,1	0,4	1,5	0,6	2,5



2016 жылғы I тоқсанда жұмыссыздардың жалпы санындағы 15-24 жастағы жастардың үлесі 11,3% немесе 50,1 мың адамды, 15-28 жастағы жастардың үлесі 22,9% немесе 101,7 мың адамды құрады. 15-24 жастағы жастар жұмыссыздығының деңгейі 4,1% (2015 жылғы IV тоқсанда – 4,2%), 15-28 жастағылардікі – 4,3% (2015 жылғы IV тоқсанда – 4,3%) болды.



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!**